

Ғажайып Жаңа жыл

Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз.

Мектебімізде «Жаңа жыл» мерекесіне арналған іс-шаралардың жоспары құрылып, бекітілді.

"Жаңа жыл" десе, көз алдымызға гирляндардың әсем толқыны, бенгал жарығының жарқырауы, керемет отшашулар, ғажайыптар, сыйлықтар елестейді. Алайда, мереке күндерін тек бақытты сәттермен өткізу үшін өрт қауіпсіздігі ережелеріне ерекше назар аударып, сақтық шараларын сақтау қажет. 21.12-25.12.2020ж. күні 1-11 сыныптар арасында осындай мақсатпен «Қауіпсіз Жаңа жыл» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.(4 «А», 4 «В», 5 «А», 5 «Б», 5 «В» 5 «Е», 6 «А», 6 «В»,6 «Г», 7 «Ж», 8 «Ж», 8 «И», 9 «А», 9 «Г», 11 «Б»).

23.12-25.12.2020ж. мектепалды даярлық тобының оқушылары мен 1 сынып оқушылары арасында «Жаңа жылдық карнавал» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Аталған іс-шараға мектепалды даярлық «А» (Тұяхан С.), «В» (Калишева Ғ.С.), сыныбының оқушылары, 1 «А» (Абишева Б.С), 1 «Б» (Хамзина С.А.), 1 «В» (Жусупова М.С.), 1 «Г» (Жаканова А.М.) сынып оқушылары белсенді қатысты. Оқушыларды белсенділіктерін арттыру мақсатында барлық оқушыларға марапаттау қағазы берілді.

«Әкем, анам, шырша, мен-жаңа жылдық отбасы» тақырыбында отбасылық фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмеге 2-3 сынып оқушылары қатысты. Белсенділік танытқан сыныптар:2 «Г» (Мукашева А.А.),, 2 «Е» (Ибраева А.Н.), 3 «А» (Муханбетжанова А.Ж.), 3 «Г» (Адылова Л.К.), 3 «В» (Алдабергенова Н.Б) , 3 «Е» (Шамиганова К.М.), 4 «В» (Алиаскарова Ж.А).

Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін тереңдету. Оқушылардың қиялдау, елестету дағдыларын дамыту мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері Ибраева А.Н., Сафурина Г.А. 2-4 сынып оқушылары арасында «Қыс ғажабы» тақырыбында суреттер байқауын өткізді.

2А,2Б,2В,2Г,2Е,3А,3Б,3В,3Г,3,4А,4Б,4В,4Г,4К сынып оқушылары белсенділік танытты. Сынып жетекшілері оқушылардың жұмыстарын біріктіріп, видеороликтер жасады. Ең жақсы бейнеленген суретер іріктеліп, оқушыларға мақтау қағаздары берілді. Олар:

I-орын:Саликова Зейне,Қонысбай Сезім.

II-орын: Амангелді Мұрагер,Бекмұрат Нұрахмет, Мәжит Ернұр.

III-орын:Алымқұлов Рамазан,Темиргалиев Али, Бауржан Ділназ, Қойбағар Самира.

Шыршаға ілуге арналған алғашқы шар тәріздес шыны ойыншық 16-ғасырда жасалды. Шеберлер шыныдан әр түрлі пішінді ойыншықтар жасайтын болған: қоңырау, жүрек, аң-құс, шар, бүршік, жаңғақ. Содан кейін оларды көздің жауын алатын қанық түстермен бояған. Мектебіміздің 4-6 сынып оқушылары «Ойыншықты өз қолымызбен жасаймыз» көрмесіне қатысты. 4А, 4Б, 4В, 4Г, 5А, 5В, 5Г, 6В сыныптары белсене қатысып, өздерінің шеберлігін көрсете білді.

5 «Б», 6 «Г» (Тоғубаева А.К., Бөкейхан Л.) сынып оқушылары «Әуенді тап» жаңа жылдық музыкалық ойынын өткізді.

Жаңа жылдық әндер желісі бойынша «Жаңа жылдық караоке» байқауына 2 «Е» сынып оқушысы Саликова Зейне, 3 «А» сынып оқушысы Өмірбек Аяулым, 4 «А» сынып оқушылары Газизова |Алуа, Ғани Айзере, 4 «Б», 4 «В», 5 «В» сынып оқушылары Нургалиева Адема мен Алема, 6 «Б» сынып оқушысы Амангелді Айнұр, 4 «Е», 6 «А» сынып оқушылары қатысты.

7-8 сыныптарда «Жаңа жылдық көңіл-күй» тақырыбында викториналар, конкурстар ұйымдастырылды. Қатысқан сыныптар: 7 «Е» (Омарова Г.Ж.), 7 «Ж» (Боранбаева М.А.), 8 «Г» (Газизова Ж.С.), 8 «Ж» (Исмагзанова М.М.),

Жаңа жыл әлемнің барша елдерінде тойланатын мейрам. Әрбір елдің өзіндік жаңа жылдық дәстүрлері бар. 9 «А», 9 «В», 9 «Д» сынып оқушылары «Әлем елдерінің жаңа жылдық дәстүрлері» атты іс-шарада елдердің түрлі дәстүрлері туралы қызықты мәлімет алды. Сынып жетекшілері Камалиева З.Т., Оспанова Г.К., Таттыгожина А.К.

9 «А» (Камалиева З.Т.), 9 «Б» (Кожмахметова Г.К.), 9 «В» (Оспанова Г.К.), 9 «Д» (Таттыгожина А.К.), 11 «В» (Альжанова Б.С.) 10 «В» (Иващенко Л.В.), 5 «А» (Биржанова М.У.) сынып оқушылары, «Жас Ұлан, жас Қыран» ұйымының мүшелері» Жаңа жыл қарсаңында ұстаздар, ата-аналар, оқушыларды құттықтап, жаңа жылдық бейнеқұттықтауларын жолдады.

Барлық өткізілген іс-шаралар бойынша ақпарат мектептің инстаграм парақшасында жарияланды.